

## Жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 23 қараша N 967. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.06.08. N 777 қаулысымен. ~P010777

Жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған қатысушылар арасында тәртіпті нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, респубикалық министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктердің жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіретін, тиісті мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар әзірлең, жүзеге асыруға жауап беретін арнаулы үкімет органын құру туралы мәселені зерделеу тапсырылсын.

Бұл мәселе жөніндегі келісілген ұсыныстар мен қажетті құжаттардың жобасын 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына табыс етсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Облыстардың, қалалардың және аудандардың әкімдеріне Мемлекеттік автомобиль инспекциясы органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға олар өндіріп алатын айыппұлдар мен алымдар сомасынан аударым нормативтері бойынша жыл сайын тиісті бюджеттік және бюджеттен тыс қорлардан қаржы бөлінуін көздеу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бір айлық мерзімде мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, Қазақстан Республикасындағы механикалық көлік құралдары мен тіркемелерге жыл сайынғы мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу ережесін әзірлең, бекітсін.

Көлік құралдарын техникалық тексеруге дайындау, бұларды байқауға табыс ету мерзімдерін сақтау үшін жауапкершілік, меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына, сондай-ақ көлік құралдарын иеленуші азаматтарға жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне:  
мемлекеттік тіркеу нөмірлерінің, нөмірлі тіркеу белгілерінің, механикалық

көлік құралдары мен тіркемелерді тіркеу туралы куәліктердің, жүргізушілер куәліктерінің және көлік құралдары мен жүргізушілерді жол қозғалысына қатысуға жіберу үшін қажетті басқа да арнаулы өнімдердің үлгілерін әзірлеу мен бекіту;

atalfan arnaulys өnіmderdі jasauғa rүksat (лицензия) беру, olardы жеткізу тәrtіbіn anықtaу;

memlekettіk tіrkeu nөmіrlеріnің, жүргізушіlerdің жәne tіrkeu құжatтарының serиясын respublikanың жекелеген облыстарына, Алматы мен Leninск қalаларыna бекіtіp beru;

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-tarmafының 5 abzaçы kүshіn жойған - KР Президентіnің  
1998.04.27. N 3928 жарлығымен. U983928

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Көлік құралдарын жүргізушілер одағымен бірлесіп, Көлік құралдарын жүргізуші куәлігіне қосылатын талоны туралы ережені әзірлеп, бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Көлік құралдарын жүргізушілер одағы жолаушылар мен жүктөрді жеке көлікпен (жеке тасу) тасымалдауды ұйымдастырудың тәrtіbi мен ережесін anықtасын.

7. Қазақстан Республикасының Баспасөз жәne бұқаралық aқparat министрлігі respublika aumaғында жол қозғалысы хауіpsіздіgіn қamtамасыз etuge bайланысты, көлік құrалдарын, жүргізушіlerdі жәne жаяуларды жол қозғалысына қатысуға memlekettіk mәselelerdі ұdайы baspasөzde жазып, radio мен теледидар arқылы kөrsetuge қажетtі шараларды қoldansын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министріnің  
bіrіnші orыnbасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетіnің  
1992 жылғы 23 қарашадағы  
N 967 қаулысымен  
Бекіtіlген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Мемлекеттік автомобиль инспекциясы туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы (бұдан әрі Мемавтоинспекция деп аталады) - Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жүйесіне занды ұйым хұқығымен кіретін жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау органы.

2. Мемавтоинспекцияның басты міндеті жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты жол қозғалысы саласындағы зандардың, нормалардың, ережелер мен стандарттардың сақталуын бақылауды және оған жүргізушилер мен автомотокөлік құралдарының қатысуына мемлекеттік рұқсат шараларын жүзеге асыру болып табылады.

Мемавтоинспекцияны оған зандарда жүктелмеген міндеттерді орындау үшін тартуға тиым салынады.

3. Мемавтоинспекция өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрықтары мен нұсқамаларын, қолданылып жүрген зандарға сәйкес бекітілген басқа да нормативтік актілерді басшылықта алады.

4. Мемавтоинспекцияның құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осыған бөлінген қаражат шегінде, тұрғын халықтың санына, автомобиль жолдарының қашықтығына (жалпы пайдаланылудағы және ведомстволық), есепте тұрған механикалық көлік құралдары мен тіркемелерінің санына қарай белгіленген нормативтер негізінде айқындаиды.

5. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы:  
- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Бас басқармасы құқындағы Мемавтоинспекция басқармасы; <\*>

- облыстардың (қалалық) ішкі істер Бас басқармаларының (Басқармаларының ) Мемавтоинспекция басқармаларынан (бөлімдерінен);

- қалалық, аудандық және қаладағы аудандық ішкі істер басқармаларының ( бөлімдерінің) Мемавтоинспекциясы бөлімдерінен (бөлімшелерінен) тұрады.

Мемавтоинспекцияда белгіленген тәртіппен оған жүктелген міндеттерге сәйкес белгілі бір қызметтерді орындау үшін мамандандырылған бөлімшелер құрылуы мүмкін.

Ескерту. 5-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда берілген -

ҚРМК-нің 1995.04.07. N 433 қаулысымен.

6. Бас басқарма құқындағы Мемавтоинспекция басқармасының құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді.  
<\*>

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің

1995.04.07. N 433 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Бас басқарма құқындағы Мемавтоинспекция басқармасы және облыстық, қалалық, аудандық және қаладағы аудандық ішкі істер басқармаларының (бөлімдерінің) Мемавтоинспекция органдары заңды ұйымдар болып табылады, өздерінің дербес сметасы, банк мекемелерінде есеп шоты және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленіп, өз атауы жазылған мөрі болады. <\*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.07.

N 433 қаулысымен.

8. Бас басқарма құқындағы Мемавтоинспекция басқармасы бастығы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі тағайындауды және лауазымы бойынша ол Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік автомобиль инспекторы, ал оның орынбасарлары - Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік автомобиль инспекторының орынбасарлары болып саналады. <\*>

Облыстық, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық Мемавтоинспекциясы басқармаларының (бөлімдердің, бөлімшелерінің) бастықтары лауазымдары бойынша бас мемлекеттік автомобиль инспекторлары, ал олардың орынбасарлары - облыстың, қаланың, ауданың, қаладағы ауданың бас мемлекеттік автомобиль инспекторларының орынбасарлары болып саналады.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының бас мемлекеттік автомобиль инспекторларын тиісті ішкі істер органдарының басшылары Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік автомобиль инспекторының келісуімен қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

Аудандардың, қалалардың (Алматы және Ленинскіден басқалары) және қаладағы аудандардың бас мемлекеттік автомобиль инспекторларын тиісті ішкі істер органдарының басшылары жоғары тұрған бас мемлекеттік автомобиль

инспекторларымен келісе отырып тағайындауды және қызметтен босатады.

Ескерту. 8-тармақта өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.07.

N 433 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік автомобиль инспекторы және оның орынбасарлары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген зандарда және осы Ережеде белгіленген өкілеттерге толық ие, ал облыстардың, қалалардың, аудандардың бас мемлекеттік автомобиль инспекторлары мен олардың орынбасарлары да тиісті аумактарда аталған өкілеттіктерге толық ие болады.

Мемавтоинспекцияның басқа санаттағы қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктері қолданылып жүрген зандарға сәйкес белгіленген тәртіппен айқындалады.

10. Бас мемлекеттік автомобиль инспекторлары жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде облыстық, қалалық, аудандық және қаладағы аудандардың мемавтоинспекцияларына басшылық етеді.

Жоғары тұрған бас мемлекеттік автомобиль инспекторларының осы мәселелер жөніндегі нұсқаулары мен өкімдері төменгі тұрған бас мемлекеттік автомобиль инспекторларының орындауы үшін міндетті болып табылады.

11. Мемавтоинспекция өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген:

- жол қозғалысының тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оған қатысушылардың хұқықтары мен міндеттерін белгілейтін жол қозғалысының ережелерін, зандылық және өзге де нормативтік актілерін;

- жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыштарын, теміржол өткелдерін, қалалық электрлі көлік желілерін жобалау, салу, қайта жаңғырту және жөндеу кезінде ережелерді, нормативтер мен стандарттарды;

- автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыштары мен теміржол өткелдерін жол қозғалысы үшін хауіпсіз күйде ұсташа ережелерін;

- жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату мен пайдалану жөніндегі ережелерді, нормативтер мен стандарттарды;

- жол қозғалысының хауіпсіздігіне қатысты пайдаланудағы механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің конструкциялары мен техникалық жағдайына қойылатын талаптардың нормативтері мен стандарттарын;

- өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындарда, сондай-ақ жекелеген азаматтардың механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің қайта жабдықтауы кезінде жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормативтік

актілерін;

- арнаулы, хауіпті, ауыр салмақты және әйдік жүктөрді, сондай-ақ қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасымалдау кезінде қозғалыс хауіпсіздігіне қойылатын талаптардың нормативтік актілерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

б) жол қозғалысын реттеуді, сондай-ақ ішінде техникалық құралдар мен автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып жүзеге асыруға; апат-құтқару жұмыстары мен көпшілік шаралары өткізілетін жерлерде көлік құралдары мен адамдардың жаяу жүруін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

в) Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерге мемлекеттік техникалық байқау өткізуғе;

г) автомотокөлік құралдарын тіркеуге және есепке алуға, тіркелген көлік құралдарына тіркелу құжаттары мен нөмір белгілерін беруге, оларды есепке алуға және бөліп беруге;

д) жол қозғалысының ережелері мен көлік құралдарын жүргізуіндің дағдысы бойынша емтихандар қабылдауға, көлік құралдарын жүргізуге хұқық алатын күәлік беруге;

е) айдан әкеткен, ұрланған автомотокөлік құралдарына және жол-көлік оқиғасы болған орындардан қашып кеткен жол қозғалысына қатысушылардың автомотокұралына іздеу салу жөніндегі шараларға қатысуға;

ж) өз құзыры шеңберінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жол қозғалысы саласында жасалған қылмыстық істер бойынша анықтау жүргізуге;

з) жол-көлік оқиғаларын есепке алып, олардың туу себептері мен жағдайына талдау жасауға, өз құзыры шеңберінде осы себептер мен жағдайларды жоюға шара қолдануға;

и) жол-көлік оқиғалары болған жерлерде шұғыл іс-қимылдар жасауға (ЖКО-ға қатысушыларды ұстау, куәларды анықтау, материалдарды ресімдеу, зардал шеккендерге шұғыл жәрдем көрсету және т.б.); жол-көлік оқиғалары болған жерлерден қашып кеткен жүргізуілерге іздеу салу жөніндегі алғашқы іздестіру шараларын жүргізуге;

к) жол қозғалысы ережелерін бұзудың есебін жүргізуге, жол қозғалысының хауіпсіздігі саласындағы заңдарды қолдану практикасын жинақтауға, осы заңдарды біркелкі және дұрыс пайдалану шараларын іске асыруға;

л) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік хұқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге; өз құзыреттері шеңберінде әкімшілік жазалар беруге;

м) жол қозғалысының жағдайларын зерделеуге, белгіленген тәртіппен тиісті ведомстволар мен үйымдарға көшелер мен жолдарды ұстауды жақсарту және олардың өткізу мүмкіндігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуғе;

н) белгіленген тәртіппен автомотокөлік құралдарына еріп жүруді жүзеге асыруға;

о) жол қозғалысы саласында қолданылатын ережелердің нормативтердің, стандарттар мен құжаттар үлгілерінің, сондай-ақ көшелер мен жолдар салудың және қайта жаңғыртудың, көлік құралдары конструкцияларының, жүргізушилер даярлау (қайта даярлау) жөніндегі оқу бағдарламаларының, жол қозғалысы хауіпсіздігі саласындағы кино-бейне және баспа өнімдерінің жобаларын келісуге;

п) бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп жол қозғалысы хауіпсіздігін насихаттау жөніндегі шараларды өткізуге қатысуға; оқушылардың жол қозғалысы ережелерін оқып-үйренуін ұйымдастыруды оқу орындарына жәрдемдесуге міндетті.

12. Мемавтоинспекция ішкі істер органдарының басқа қызметтерімен бірлесе отырып қоғамдық тәртіпті сақтауға және қылмыспен күресуге қатысады.

13. Мемавтоинспекция өзіне жүктелген міндеттерді ішкі істер органдарының басқа қызметтерімен, қызметі жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасап шешеді.

14. Мемавтоинспекцияға өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін:

- меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға бөгетсіз кіруге және лауазымды адамдар мен азаматтардан жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты белгіленген ережелерді, нормативтер мен стандарттарды сақтауды талап етуге;

- лауазымды адамдар мен азаматтарға жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ережелерді, нормативтер мен стандарттарды бұзыын жою туралы орындау үшін міндетті үйғарым шығаруға, ал осындай үйғарым бойынша қажетті шаралар қолданбаған жағдайда кінәлі адамдарды заңмен көзделген жауапкершілікке тарту хұқы беріледі. Үйғарымды бас мемлекеттік автомобиль инспекторлары өз құзыреттеріне сәйкес қолданылған шаралар туралы ақпарат түсіру мерзімін көрсетіп жазбаша түрде береді;

- министрліктерден, ведомстволардан, мекемелер мен кәсіпорындардан жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мәселелер жөнінде құжаттар, мәліметтер мен материалдар талап етуге және алуға;

- жол қозғалысы мен оның хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты заң және өзге де нормативтік актілерді, ережелерді, нормативтер мен стандарттарды әзірлеуге қатысуға; тиісті мемлекеттік органдарға оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- шешуші дауыс хұқымен автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыстарын, теміржол өткелдерін, қалалық электр көлігі желілерін, сондай-ақ

жаңа автомотокөлік техникасының үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі қала құрылышы және техникалық кеңестерінің, комиссияларының жұмысына қатысуға;

- көпшілік шараларын өткізу кезінде немесе жолдарды пайдалану қозғалыс хауіпсіздігіне қатер төндіргенде, дәл сондай жолдар белгілі тәртіпке сәйкес пайдалануға тапсырылғанда, көшелер мен жолдардың жекелеген участкерінде, теміржол өткелдерінде жол қозғалысын уақытша шектеуге немесе тыйым салуға;

- көшелер мен жолдарда жол қозғалысы хауіпсіздігінің белгіленген ережелерін, нормалары мен стандарттарын бұза отырып жүргізіліп жатқан жөндеу-құрылыш және басқа жұмыстарға тыйым салуға;

- жол қозғалысының хауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар қалыптасқанда кәсіпорындарға, мекемелер мен азаматтарға көше-жол жүйесінде, соның ішінде жол қозғалысын реттеудің құралдарын пайдалана отырып қозғалысты ұйымдастыруды өзгертуге үйгарым жасауға;

- жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың талаптары сақталмаған жағдайда көше-жол жүйесі объектілерін жобалауды, салуды, қайта жаңғыртуды, жөндеуді немесе ұстауды қаржыландыруды тоқтау немесе уақытша тоқтату туралы тиісті органдарға ұсыныстар енгізуға;

- хауіпсіздік талаптарын сақтамаған жағдайда маршруттық қоғамдық көліктің жүруіне, сондай-ақ хауіпті, ауыр салмақты немесе ірі көлемді жүктерді тасымалдауға тыйым салуға;

- техникалық қызмет көрсету кәсіпорындарын, станцияларын (пункттерін), меншік нысанына қарамастан мемлекеттік техникалық байқау алдында көлік құралдарының техникалық жайын белгіленген тәртіппен тексеруге жіберуді жүзеге асыруға;

- конструкциясы немесе техникалық жайы қолданылып жүрген ережелердің, нормативтер мен стандарттардың талаптарына сай келмейтін, дәл сондай егер көлік құралдары белгіленген тәртіппен тіркелмесе, мемлекеттік техникалық байқаудан өтпесе немесе нөмір белгісі болмаса, немесе тораптарының, агрегаттарының нөмірлері немесе нөмір белгілері жасырын, қолдан жасалған немесе қандай да бір өзге тәсілмен өзгертилген көлік құралдарын пайдалануға, соның ішінде нөмір белгілерін алу арқылы тыйым салуға;

- жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз ету және хұқық бұзушылықтан сақтандыру мақсатында көлік құралдарын тоқтауға және жүргізушілердің көлікті пайдалану мен оны жүргізуге хұқық беретін құжаттарын, сондай-ақ көлік құралдарының техникалық жайын тексеруге;

- зандарда көзделген жағдайларда адамдарға, заттарға, көлік құралдарына

және әкеліне жатқан жүкке қосымша тексеру жүргізуге; жол қозғалысы саласында хұқық бұзған немесе ішкі істер органдары қызметкерлерінің занды талаптарына бағынбаған лауазымды адамдар мен азаматтарды белгіленген тәртіппен әкімшілік жолымен ұстауды жүзеге асыруға;

- алкогольдік немесе есірткілік масаң жағдайда деп пайымдауға жеткілікті негіз болғанда адамдарды көлік құралдарын жүргізуден, дәл сондай көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құжаттары жоқ адамдарды көлік құралдарын жүргізуден аластатуға;

- зандарда көзделген жағдайларда көлік құралдарын жүргізуге хұқық беретін күәлікті алып қоюға, көлік құралдарын ұстауға және оларды арнайы аландарға немесе тұрақ-жайға уақытша сақтау үшін жеткізуғе;

- занда белгіленген тәртіппен техникалық құралдарды пайдалана отырып жүргізушілер мен жаяуларды алкогольді, есірткі және басқа да психикаға әсер ететін ішімдіктерді ішкенін куәландыру жасауға немесе солай ету үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге немесе апаруға;

- жол қозғалысы ережелерін бұзғандығын анықтау мен белгілеу, иелері тоқтау немесе аялдау ережелерін бұзғанға көлік құралдарын ықтиярсыз тасымалдау жөнінде белгіленген тәртіппен техникалық құралдарды қолдануға;

- егер жүргізуші ішкі істер органдарының қызметкерлерінің бірнеше мәрте тоқтау жөніндегі занды талабына бағынбаса және сонысымен азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, сондай-ақ қолданылып жүрген зандарда көзделген басқа да жағдайларда көлік құралдарын оларды зақымдау жолымен зорлап тоқтату үшін арнайы құралдар мен атылатын қаруды қолдануға;

- жол қозғалысы саласында хұқық бұзушыларға хаттамалар жасауға және қолданылып жүрген зандарда көзделген әкімшілік шараларын белгіленген тәртіппен қолдануға;

- қаралуда жатқан істер мен материалдар бойынша лауазымды адамдар мен азаматтарды Мемавтоинспекцияға шақырып, олардан түсіндірuler, анықтамалар, құжаттар алуға және олардың көшірмесін түсіріп алуға;

- зандарда көзделген жағдайларда көлік құралдарын жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін білуін, жүргізу дағдысын тексеруге, сондай-ақ жүргізушілерді олардың көлік құралдарын жүргізуге жарамдылығын анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберуге;

- өзгедей мүмкіндік болмаған кезде жеке құрамның оқиғалар болған жерлерде болуы үшін, медициналық көмекті шұғыл қажет ететін азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, апат кезінде қираған немесе бұзылған көлік құралдары мен жүктерін тасымалдау үшін, хұқық тәртібін бұзған адамдардың ізіне тұсу үшін, сондай-ақ кешеуілдетуге болмайтын өзге де жағдайларда иелеріне келе қалған зиянын өтеу, сондай-ақ шығындарын ішкі істер

органдарының қаржысы есебінен өтеу арқылы көлік құралдарын, меншік нысанына қарамастан (шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінікін қоспағанда), пайдалануға;

- қызмет бабындағы мақсаттарда кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ал шүғыл жағдайларда - өздерінің келісімі бойынша азаматтардың кейіннен ақысын өтеу арқылы байланыс құралдарын пайдалануға;

- жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында үгіт және насиҳатты үздіксіз жүргізу үшін, сондай-ақ автомобиль апаты, көшелердегі және жолдардағы құрделі ауа райы жағдайлары, жол қозғалысының хауіпсіздігіне әсер ететін басқа да қолайсыз фактілер туралы шүғыл хабарлар беріп тұру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының (теледидар, радио, баспасөз) мүмкіндіктерін тегін пайдалануға;

- зандарда көзделген тәртіппен көлік құралдары мен нөмірлі агрегаттарды меншіктену хұқын өзгерту жөніндегі құжаттарды ресімдеуге; <\*>

- жедел-техникалық құралдарды, бақылау-өлшеу аспаптарын, сондай-ақ жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа пайдаланылатын өзге де техникалық құралдарды жасауға және дайындауға тапсырысшы міндетін жүзеге асыруға;

- мұдделі министрліктермен, ведомстволармен, ұйымдармен және ғылыми мекемелермен бірге жол қозғалысы хауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі ұсыныстар жасауға, қызметтің осы саласында ғылыми зерттеулердің өзекті тақырыптары мен бағыттасын анықтауға қатысуға;

- белгіленген тәртіппен жол қозғалысы хауіпсіздігі мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына, Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерге қатысуынан туындаитын шараларды мұдделі ұйымдармен бірлесе әзірлеп, жүзеге асыруға қатысуға;

(31-абзац) <\*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақтың 27-абзацынан сөздер алынып тасталды,

31-абзац күшін жойды - ҚРУ-нің 1997.04.08. N 505

қаулысымен. Р970505\_

15. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери бірлестіктердің, құрамалардың, бөлімдердің, бөлімшелердің, оку орындарының, ұйымдары мен мекемелерінің көлік құралдары жөнінде Мемавтоинспекция өз өкілеттілігін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісуі бойынша белгіленген тәртібімен жүзеге асырады.

16. Қазақстан Республикасының аумағындағы, қолданылып жүрген зандарға сәйкес тиісті иммунитетті пайдаланатын шет елдік мемлекеттердің

дипломатиялық және консулдық өкілдіктері мен олардың қызметкерлерінің, сондай-ақ басқа да шетелдік өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың және олардың қызметкерлерінің иелігіндегі көлік құралдары жөнінде Мемавтоинспекция Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен және басқа да мүдделі ұйымдармен келісуі бойынша белгіленген тәртіппен іс-қимыл жасайды.

17. Мемавтоинспекция қызметкерлерінің іс-қимылызы заңдылық принциптеріне негізделуі, батыл, әділ әрі азаматтарға түсінікті болуы тиіс. Азаматтардың, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, меншік нысанына қарамастан, заңды хұқы мен мұддесін бұзған Мемавтоинспекция қызметкерлері қолданылып жүрген заңдар бойынша жауап береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК